

ТҮТҚЫРЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ КАРБОКСИМЕТИЛЦЕЛЛЮЛОЗА**СИПАТТАМАСЫ**

СМС HV - тұщы судан тұзға қаныққан теңіз суына дейін кең ауқымдағы суда ертіу жүйесін қолданатын сулы негіздегі бұрғылау ерітінділеріндегі, аса мұқият тазаланған, тұтқырлығы жоғары карбоксиметилцеллюлоза. СМС HV қатты фаза мөлшері төмен полимер жүйелерде, калий хлориді/полиакриламид-метилакралат, гипстік ерітінділерде, диспергирленген және диспергирленбеген, ауыр және салмақ берілмеген жүйелерде су берілуін төмендеткіш және қоялатқыш ретінде қоланылуы мүмкін. СМС HV негізгі функцияларына қосымша ретінде қорғаныстық коллоид ретінде де әсер етеді, оған қоса саздың гидратациялануын болдырмайды. Бұрғылау ерітінділері жүйесінде СМС HV қолдану саз/бентонит қолдануды қажет етпейді, осының арқасында бұрғылау ерітіндісі жүйесінде қатты фаза мөлшері аз болады. СМС HV 151⁰С дейінгі температуралық тұрақтылығын сақтайды, мұнымен бірге, бұрғылау жүйесінің реологиялық қасиеттерін реттейді және су берілуін АРІ стандарты бойынша тиімді деңгейде ұстап тұрады (5мл/30 минуттан кем)

НЕГІЗГІ ФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

Сыртқы түрі	Сұрғылт сусымалы ұнтақ
Полимер түрі	Натрийлі карбоксиметилцеллюлоза
Белсенді зат	97 % ең төм.
Тұз мөлшері	2-3 % ең жоғ.
Ылғалдылығы	6-7%.
pH (ерітіндінің 5%)	7-8
Ерігіштігі	Тұщы/тұзды суда ерігіш
Температуралық тұрақтылығы	149 ⁰ С

ҚОЛДАНЫЛУЫ

СМС HV – тұтқырлығы жоғары полимер, ерітіндіге қабылдағыш арқылы 20 минутта 1 кап жылдамдықпен қосылуы қажет. Тұщы және тұзды судағы ерітінділердегі ұсынылатын концентрациясы 2,5 кг/м³ бастап 4,5 кг/м³ дейін, тұзға қаныққан сулы ерітіндіде – 5 кг/м³ бастап 7 кг/м³ дейін өзгереді

САҚТАЛУЫ

СМС HV құрғақ жерде 24 айдан асырмай сақтаған жөн.

ҚАПМАТАСЫ

СМС HV полиэтилен қабаты бар, 25 кг-дық көп қабатты қағаз қаптармен жеткізіледі.